

**1984-1993 жылы туған азаматтардың 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында жедел әскери қызметке шақыруын ұйымдастыру туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің 2011 жылғы 17 наурыздағы N 84 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 31 наурызда N 13-10-132 тіркелді. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы N 02-08-02-02/37)

**Ескерту. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімінің 14.01.2013 N 02-08-02-02/37)**

Қазақстан Республикасы «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 19-бабы 3-тармағына, 23-бабына, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу Ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік Комитетінің шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Республикалық гвардиясына, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлігіне әскерге шақырудан қалдырылуға немесе босатылуға құқығы жоқ он сегізден бастап жиырма жеті жасқа дейінгі, сонымен қатар жиырма жеті жасқа толмаған және әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өтемеген, оқу орындарынан шығарылған азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында жедел әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Әскерге шақыртуды жүргізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Дүйсекин	Аманкелді
Еркебұланұлы	

	«Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, әскерге шақырту комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)
Бекшенов Ерболат Мұратұлы	Мамлют ауданы әкімінің орынбасары, әскерге шақырту комиссиясы төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Кұлбаев Ержан Молдабекұлы	«Солтүстік Қазақстан облысы ішкі істер жөніндегі департаменті Мамлют ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының тәрбие және кадрлар жұмысы жөніндегі орынбасары (келісім бойынша)
Кузина Тамара Ивановна	«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Мамлют аудандық орталық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссия төрайымы (келісім бойынша)
Токарева Елена Петровна	«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Мамлют аудандық орталық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының медбикісі, әскерге шақырту комиссиясының хатшысы (келісім бойынша)

3. Селолық округтердің әкімдеріне медициналық және әскерге шақырту комиссиясын және әскери қызметті өту үшін азаматтарды жеткізуді қамтамасыз е т с і н .

4. «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Мамлют аудандық орталық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына (келісім бойынша):

1) медициналық комиссияны білікті дәрігер-мамандармен және орта медициналық персоналмен жинақтасын;

2) әскерге шақырту пунктін қажет дәрі-дәрмекпен, құралдармен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етсін;

3) әскерге шақырту комиссиясымен жіберілген азаматтарды стационарлық медициналық тексеру үшін қажет орындар санын бөлуді қарастырсын.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы ішкі істер департаменті Мамлют ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша):

1) әскери міндетті орындаудан бас тартқан тұлғаларды іздестіруді және ұ с т а у д ы і с к е а с ы р с ы н ;

2) әскерге шақырту комиссиясының жұмысы және азаматтарды облыстық жинау пунктіне жіберу кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне әскерге шақырту және азаматтарды мерзімді әскери қызметке жөнелту кезінде әскерге шақырылушылардың соғыс және еңбек ардагерлерімен, әскер-интернационалистермен кездесулерін, әскери патриоттық тақырыпқа көркемөнерпаздар ұжымдарының өнер көрсетуін, әскерге шақырту пунктінде спорттық көпшілік іс-шараларды өткізуді және азаматтардың дене дайындығын

тексеруді

ұйымдастырсын.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жергілікті бюджет есебінде осы мақсаттарға қарастырылған қаржы шегінде азаматтарды әскерге шақырту іс-шараларына шығыстарды өз уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

8. «Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жедел әскери қызметке шақыруына ұйымдастыру мақсаттарына бөлінген бюджет қаражаты есебінде жедел әскери қызметке шақыртуға шығыстардың өз уақытында орындалуын қамтамасыз етсін.

9. «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) азаматтардың жедел әскерге шақыртуын ұйымдастыра және сапалы қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінде жалданған автокөлікті пайдалансын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
Е.М. Бекшеновке жүктелсін.

11. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мамлют ауданының әкімі*

*Қ.Қалиев*

*Келісілді:*

*«Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы А. Дүйсекин*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
ішкі істер департаменті  
Мамлют ауданының ішкі істер бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы А. Оспанов*

*«Қазақстан Республикасы  
денсаулық сақтау Министірлігі  
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
Мамлют аудандық орталық ауруханасы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорынының бас дәрігері  
міндетін атқарушы Т. Кузина*